



"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 ақпан N 124

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алудың принциптері туралы келісімді бекіту туралы

1997 жылғы 13 маусымда Киев қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алудың принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан
Республикасының Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі
арасындағы Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің)
экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды
алудың принциптері туралы

Келісім

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын, Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі,

сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға шаруашылық
субъектілері үшін теңдей мүмкіндіктерді орнатуға және адал ниетті
бәсекелестік үшін жағдай жасауға ұмтыла отырып,

халықаралық сауданың жалпы қабылданған нормалары мен қағидаларын
нысанаға ала отырып,
төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Жалпы айқындамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "жанама салықтар" термині қосылған құнға салықты және акциздік (акциздік
салықты немесе акциздік алымды) білдіреді;

б) "нөлдік ставка" термині Уағдаласушы Тараптардың салық туралы заңдарымен
белгіленген тәртіппен көзделгендей, нөл процент ставкасы бойынша қосылған құнға
салынған салықты білдіреді;

в) "құзыретті органдар" термині Қазақстан тарапынан - Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігін, Украина тарапынан - Украина Қаржы
министрлігін білдіреді.

2 - б а п

Экспорттау кезінде салық алу принципі

Уағдаласушы Тараптың бірі екінші Уағдаласушы Тарапқа экспортқа шығарылатын
тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) нөлдік ставка бойынша қосылған құнға салық
салатын болады, экспортқа акциз салынбайды.

3 - б а п

Импорттау кезінде салық алу принципі

Уағдаласушы Тараптың біріне импортталған, екінші Уағдаласушы Тараптың аумағынан экспортталған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) импортшының елінде оның ұлттық заңдарына сәйкес жанама салықтар салынады.

Импортталатын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) салық салу кезінде Уағдаласушы Тараптар өздерінің аумақтарында жасап шығарылған (сатылған) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін белгіленген салық ставкаларын қолданатын б о л а д ы .

4 - б а п

Даулы мәселелерді шешу

Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты пікір алшақтықтары Тараптардың құзіретті органдарының келіссөздері мен консультациялары арқылы шешіледі.

5 - б а п

Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е л е р

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды және оның күшіне енгізу үшін барлық қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғаны туралы Уағдаласушы Тараптардың соңғы хабары түскен күннен бастап күшіне енеді және Уағдаласушы Тараптардың бірі жазбаша түрде алты ай бұрын екінші Уағдаласушы тарапқа оның қолданысын тоқтатқысы келетін ниеті туралы хабар бергенше қолданыста болады.

Осы Келісім ол күшіне енгеннен кейін экспортталған немесе импортталған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ғана қатысты қолданылады.

Киев қаласында 1997 жылғы "13" маусымда екі дана болып, әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің мәтінін түсіндіру жөнінде Уағдаласушы Тараптар арасында пікір қайшылығы пайда болған жағдайда орыс тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украина
Үкіметі үшін

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК